

Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығарудың 35-жылдығына орай Успен ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2024 жылғы 2 ақпандағы № 83/15 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 8 ақпанда № 7471-14 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Успен аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2024 жылғы 15 ақпанда – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығарудың 35-жылдығына орай Успен ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына уәкілетті ұйымның тізімі негізінде алушылардан өтініштер талап етілмей, келесі санаттарға біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілсін:

оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілерге 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде;

Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі – КСР Одағы) аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілеріне 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде;

Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертлікпен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертiгуi салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары

жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілерге 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Успен аудандық мәслихатының төрағасы

Ж. Бараисов

КЕЛІСІЛДІ:

Павлодар облысының әкімдігі

_____ А. Байханов

2024 жылғы " ____ " _____